

Батыс Қазақстанда  
жаңа кеніш  
іске қосылды

4-бет

Бала құқына  
қатысты  
заң

5-бет

Бас қаланың  
даму  
басымдығы

6-бет

# EGEMEN QAZAQSTAN

25 ЖЕЛТОҚСАН 2023 ЖЫЛ, ДҮЙСЕНБІ №246 (30725)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

## Еларалық байланыс бағдары



Суретті түсіргендер — А. ДУСЕНБЕКОВ, Е. ҚИЯМБЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Даниел Розенблюмді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты қатынастарды дамытуға, сондай-ақ жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелер қарастырылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі ел қауіпсіздік, орнықты даму, климат проблемасы, гуманитарлық байланыс және басқа да көптеген сала бойынша ынтымақтастық орнатқан.

Мемлекет басшысы экономикалық ықпалдастықты екіжақты қатынастардың негізгі тірегі ретінде атап өтіп, сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту, соның ішінде Инвестиция тарту жөніндегі кеңес қызметі аясында нығайту қажет екенін айтты.

Сонымен қатар кездесуде сауда, көлік, логистика, «жасыл» энергетика, экология, тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларындағы байланыстарды арттыру мүмкіндіктері талқыланды.

### РЕСМИ

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне: 12-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

(Жалғасы 8-бетте)

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарындағы қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім):

1) 145-баптың 2-тармағында:

«қайта шығаруға» деген сөздерден кейін «, пайдалануға» деген сөзбен толықтырылсын;

(Жалғасы 8-бетте)

### САРАПТАМА

## Экономиканы өрге сүйреген өнеркәсіп

Экономиканың қозғаушы күші — өнеркәсіп. Бірақ бұл бұлжымас ақиқатты өмірде іске асыру қиынның қиыны. Біздің ел әу бастан шикізаттық сатылымға арқа сүйейтін ел, десе де әр жылдары әртүрлі бағдарлама аясында өнеркәсіпті дамытуға күш салып келеді. Бірі — нәтижелі, бірі — нәтижесіз. 2023 жылы да бұл салада аз жұмыс атқарылған жоқ. Жалпы сомасы 376,3 млрд теңгеге 91 өнеркәсіп нысанының іске қосылуының өзі — тәуір көрсеткіш.

Абай АЙМАҒАМБЕТ,  
«Egemen Qazaqstan»

Ал жыл соңына дейінгі меже — 170 жобаны іске қосу. Егер бәрі көлденең қатерсіз жүзеге асса, өндіріс көлемі 3,4 трлн теңгеге жететін көрінеді. Өндіріс орындарының іске қосылуы 6,2 мыңға жуық тұрақты жұмыс орнының ашылуына себеп болған. Қазіргі өнеркәсіптік саясат өнімділігі жоғары, экспортқа бағдарланған экономиканы құруға және шикізаттан өңдеу өнеркәсібіне көшуге бағытталған. Мәселен, 2023 жылы Қостанай облысында «ССКӨБ» АҚ ыстық крикетті темір өндіру зауыты іске қосылды, онда жылына 4 млн тоннаға дейін ыстық крикетті темір шығару жоспарланып отыр. Бұл жобаның іске қосылуы өңірді қосымша 500 жұмыс орнын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Астана-Моторс» компаниясы Алматы қаласында қытайлық «Chery», «Changan», «Naval» брендтерінің жеңіл автомобильдерін шығаратын мультибрендтік зауыты іске қоспақшы. Ол 115 млрд теңгеге 2 200 жұмыс орнын құрумен жылына 90 мың автомобиль шығаруды көздейді. Ілкімді жобалар



Коллажды жасаған — Зәуреш СМАИЛЖАН

қатарында Абай облысындағы жаңа мыс балқыту зауытының құрылысын айтсақ болады. Құны — 587,8 млрд теңге. 1 083 жұмыс орнын құрып, 314 мың тонна-катоқты мыс, 1 277 мың тонна күкірт қышқылы, 166 мың унция құймадағы алтын, 4 629 мың унция-құймалардағы күміс шығару жоспарланып отыр.

Ел экономикасына серпін беретін

жобалар деп Жамбыл облысындағы минералды тыңайтқыштар шығаратын зауыты, Батыс Қазақстан облысындағы «Сатимолла» кен орны базасында калий тұздарын өндіру бойынша байыту-өндірістік кешенінің құрылысын айтуға болады.

(Соңы 7-бетте)

## Көңіл айту жеделхаты жолданды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Чех Республикасының Президенті Петр Павелге Прага қаласында болған кайғылы оқиғаға байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Прага қаласындағы Карл университетінде болған



жәңпігерлік қарулы шабуыл салдарынан көптеген

отандастарыңыздың қаза тапқаны және жарақат алғаны

туралы суыт хабарды терен күйзеліспен қабыл алдым. Осындай ауыр сәтте Чехия халқының қайғы-қасіретіне ортақтасып, Сізге және жақындарынан айырылған отбасыларға көңіл айтамын, ал зардап шеккен азаматтардың тез арада сауығып кетуіне тілектестік білдіремін», деп жазылған жеделхатта.

### ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

## Бәсекелі жоғары білім

Сапалы маман саланы дамытады. Ал сол маманды даярлайтын жоғары оқу орындары бәсекеге қабілетті болуы керек.

Айтқан ЖҮНІСХАН,  
«Egemen Qazaqstan»

Үздіктердің үлгісі — баршаға ортақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жаңа экономиканы құру үшін жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілетін арттыру маңызды. Кейінгі уақытта елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашыла бастады. 2025 жылға дейін елімізде беделді шетел университеттерінің кем дегенде 5 филиалын ашу қажет деп санаймын. Бұл ретте еліміздің батысында



Суретті түсірген — Еран ОМАР, «ЕГ»

техникалық университеттердің екі филиалы ашылуға тиіс», деген болатын. Президенттің тапсырмасына сәйкес, жоғары білім саласында

бірқатар келісімшарт жасалып, тиімді серіктестік орнады.

(Соңы 11-бетте)

### ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

## Жолда қалғандарға жанашырлық

Бет қаратпайтын аңызак жел, үскірік аяз. Жолда қалған жолаушылар қорғаныссыз күйін кешіп тұр. Жол бойы тоқтаған ондаған көлік ішіндегі жұрттың көңіл күйі жоқ. Боранды күні жолға шыққаны үшін өздерін жазғыратын секілді...

Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,  
«Egemen Qazaqstan»

Екі аптаға жуық уақыт бұрын тосын мінез танытқан табиғат жамбылдықтарды бір сынап алды. Екі ауданда төтенше жағдай жарияланып, оннан астам жолаушылар пойызы Шу бекетінде аялдауға мәжбүр болды. Жалпы, екі аудандағы бұрқасын боран кезінде бес мыңға жуық адам құтқарылып, оларға жергілікті билік, ауыл халқы, кәсіпкерлер қолдан келген көмекті аяған жоқ.

Бірқатар бағыттағы жол жабылған уақытта жолаушылардың еңсесі түсті, қамықты, жабықты. Бірақ бұл күні төтенше

жағдайлар жөніндегі департамент өкілдері, полиция қызметкерлері жұмылған жұдырықтай іске кірісті. Жолда қалған жолаушыларды жылы ғимараттарға орналастыру, оларды ыстық тамақпен қамту жұмыстарына жергілікті билікпен қатар ауыл азаматтары, кәсіпкерлер де жұдырықтай жұмылды.

Жолаушылар пойызы арқылы мыңнан астам азамат боранды бекет саналған Шу стансасы маңында аялдады. Бет қаритын үскірік аяз бен желдің ызғары оларды әбден қалжыратқан. Түксінген қабақтардан іштегі өкініштің табы аңғарылатындай.

(Соңы 6-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 505.75

USD/KZT 459.69

RUB/KZT 5.01

CNY/KZT 64.52



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркі және дактилоскопиялық тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға».

2. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

3-баптың 28) тармағы «; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін немесе лауазымдық міндеттері мемлекеттік қызметтерді көрсетуге байланысты болатын не жеке тұлғалардың қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері» деген сөздермен толықтырылсын.

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне:

1) 443-1-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын;

2) 685-баптың бірінші бөлігіндегі «443-1 (бірінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «443-1 (үшінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 919-1-баптың екінші абзацындағы «бірінші және екінші бөліктерінің» деген сөздер «екінші бөлігінің» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне:

7-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болатын аурулардың тізбесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді»;

5. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша» деген сөздер «көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. «Жылжымақы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға»;

7. «Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі»;

4) тармақша алып тасталсын.

8. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру олар Қазақстан Республикасының аумағында болған кезде және тіркеу органдарына тек жеке өз жүргінін кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке басын сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылады.»

9. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

198-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) мемлекетке тиесілі ақпараттандыру объектілері»;

10. «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

7-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Осы Заңның 6-бабы 1-тармағының 1) – 4), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген жеке басты куәландыратын құжаттар «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда құжат иесінің қол саусақтарының іздерін қамтиды.»

11. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) және 1-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға»;

«1-2) әріптестік келісім – мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін талаптарға сәйкес келетін және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органның іріктеуінен өткен кәсіпкерлік субъектілерімен Мемлекеттік корпорация жасаған келісім»;

мынадай мазмұндағы 1-3), 1-4), 2-1), 4-2), және 5-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«1-3) әріптестік ұйым – осы Заңға сәйкес әріптестік келісім жасаған кәсіпкерлік субъектісі;

1-4) «бір өтініш» қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметті жиынтығы көзделетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны»;

«2-1) жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызмет – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің өлшемшарттарына сай келетін, бірақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілмеген мемлекеттік функция»;

«4-2) Мемлекеттік корпорацияның мобилдік қосымшасы – Мемлекеттік корпорациямен бейнебайланыс арқылы мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған ақпараттандыру объектісі»;

«5-1) мемлекеттік көрсетілетін қызметке қосымша сервис – көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметке қосымша түрде жеке тәртіппен көрсетілетін қызмет»;

2) 8-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) 10-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға береді»;

4) 11-1-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік корпорация «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету бойынша қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы провайдер болып табылады»;

4-тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіні Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы хабарлар етеді»;

6) және 6-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жеке және (немесе) заңды тұлғаларға «бір терезе» қағидаты бойынша, оның ішінде электрондық нысанда және (немесе) Мемлекеттік корпорацияның мобилдік қосымшасы арқылы мемлекеттік қызметтер көрсетеді және (немесе) көрсетуді ұйымдастырады;

6-1) Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынылатын немесе Мемлекеттік корпорация ұсынатын мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына бағалау жүргізу үшін мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға ақпарат береді»;

мынадай мазмұндағы 6-4) тармақшамен толықтырылсын:

«6-4) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың өкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жолданымдарын қабылдауды және өтініш берушілердің сұрау салуы бойынша оларға жауаптардың берілуін ұйымдастырады»;

5) 2-арау мынадай мазмұндағы 11-2-баппен толықтырылсын:

«11-2-бап. Әріптестік ұйым

1. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету саласына бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша айқындаған талаптарға, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздікті және дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкес келетін;

3) әріптестік келісім жасаған кәсіпкерлік субъектісі осы Заңға сәйкес әріптестік ұйым бола алады.

2. Әріптестік келісім жасасу үшін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеуді мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін қоспағанда, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша айқындаған талаптарға сәйкес келетін кәсіпкерлік субъектілерін іріктеуге жіберіледі.

3. Үлгілік әріптестік келісімді мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.»;

6) 12 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«12-бап. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізілімі

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне енгізілуі жатады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін жүргізу қағидаларын мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

3. Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау және оларды мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізу тәртібін мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4. Әріптестік ұйымдар мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдауды және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беруді жүзеге асыра алатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізілімінен іріктеуді мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

«18-бап. Мемлекеттік қызметтер көрсету

1. Мемлекеттік қызметтерді көрсетілетін қызметті берушілер көрсетеді.

2. Көрсетілетін қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушілер арқылы;

2) Мемлекеттік корпорация арқылы;

3) әріптестік ұйымдар арқылы;

4) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы;

5) стационарлық абоненттік құрылғы арқылы;

6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы;

7) орталық мемлекеттік органдар айқындаған ақпараттандыру объектілері арқылы жүзеге асырылады.»;

7) 21-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының жеке басын биометриялық сәйкестендіру жүргізілуі де мүмкін.»;

8) 23-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

«7. Әріптестік ұйым мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдауды және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беруді жүзеге асыратын мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізбесі туралы ақпарат, сондай-ақ әріптестік ұйымдардың атауы мен байланыс деректері Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында және мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру орындарында орналастырылады.»;

9) 24-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Мемлекеттік корпорация мемлекеттік көрсетілетін қызметке қосымша сервис үшін ақы белгілей алады.»

12. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға».

13. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға».

13. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға».

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) аударымдар – жұмыс берушілер өз қаражаты есебінен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлейтін, өздері үшін аударымдар төлеу жүзеге асырылған медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті алу құқығын беретін акция»;

17) тармақша алып тасталсын.

14. «Сыйбайас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 4) тармақшасы «; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін немесе лауазымдық міндеттері мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты болатын не жеке тұлғалардың қолжетімділігі шектеулі өзге де ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкерлері» деген сөздермен толықтырылсын;

15. «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

13-1-баптың 6-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын.

16. «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы «және (немесе) осындай ақпаратты алуға» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Заңда белгіленген жағдайларда дактилоскопиялау және (немесе) биологиялық материалды іріктеу рәсімінен өтуіне құқығы бар.»

2) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамдар

1. Бірінші рет Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алу үшін, сондай-ақ оларды қалпына келтіру не ауыстыру үшін жүгінген Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің келісімімен дактилоскопиялық тіркеуге жатады.

2. Міндетті дактилоскопиялық тіркеуге он алты жасқа толған:

1) өздеріне қатысты Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы шешім қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамдар

1. Бірінші рет Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алу үшін, сондай-ақ оларды қалпына келтіру не ауыстыру үшін жүгінген Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің келісімімен дактилоскопиялық тіркеуге жатады.

2. Міндетті дактилоскопиялық тіркеуге он алты жасқа толған:

1) өздеріне қатысты Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы шешім қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Дактилоскопиялық тіркеуге жататын адамдар

1. Бірінші рет Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алу үшін, сондай-ақ оларды қалпына келтіру не ауыстыру үшін жүгінген Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің келісімімен дактилоскопиялық тіркеуге жатады.

2. Міндетті дактилоскопиялық тіркеуге он алты жасқа толған:

1) өздеріне қатысты Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігін беру туралы шешім қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар;

2) Қазақстан Республикасында уақытша немесе тұрақты тұруға рұқсатты ресімдеу кезінде шет

**(Жағасы. Басы 1, 8-беттерде)**

6) 8-бапта:  
8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«8) Қазақстан Республикасының Президентін және өзге де күзетілетін адамдарды байланыспен қамтамасыз етуді, президенттік байланыс жүйелерінің қауіпсіздігін, сондай-ақ олардың ақпараттан оқшау қалуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыру.  
Президенттік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін және өзге де ұйымдарды президенттік байланыспен қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру тәртібі келісімдерде (шарттарда) айқындалады.»  
10) тармақша алып тасталсын;  
7) 15-1-баптың 2-тармағы алып тасталсын;  
8) 17-бапта:  
үшінші бөліктегі «азаматтар мен лауазымды адамдар» деген сөздер «жеке және заңды тұлғалар» деген сөздермен ауыстырылсын;  
алтыншы бөліктегі «партияларда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде» деген сөздер «саяси партияларда, көсіптік одақтарда» деген сөздермен ауыстырылсын.  
5. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«1-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары  
Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары (будан әрі – ұлттық қауіпсіздік органдары) – Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің құрамда болігі болып табылатын арнаулы мемлекеттік органдар, олардың қызметінің мақсаттары мыналар болып табылады:  
1) жеке адамның және қоғамның қауіпсіздігін, елдің конституциялық құрылысын, мемлекеттік егемендігін, аумақтық тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қорғауды қамтамасыз ету;  
2) Қазақстан Республикасының Президентін, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасын, Қазақстан Республикасының Парламентін, Қазақстан Республикасының Үкіметін және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдарды шешімдер қабылдау үшін барлау ақпаратмен қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін жүзеге асыру және үйлестіру, сондай-ақ мемлекет басшылығының саяси, қаржылық-экономикалық, әскери-саяси, ғылыми-техникалық, гуманитарлық, экологиялық және Қазақстанның ұлттық мүдделерін қозғайтын өзге де салалардағы саясатын іске асыруға жәрдемдесу.»;  
2) 8-баптың 1-тармағының 3-1) тармақшасындағы «қабылдайды» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;  
3) 12-бапта:  
12-1) тармақшадағы «және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының» деген сөздер алып тасталсын;  
13-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«13-1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту кезінде дактилоскопиялық тіркеуден өткен адамдарға қатысты дактилоскопиялық ақпарат бойынша жеке басты растау рәсімін жүзеге асыруға;»;  
14) және 17-2) тармақшалар алып тасталсын;  
19) тармақшадағы «өзгеше асыруға міндетті» деген сөздер «жүзеге асыруға» деген сөздермен ауыстырылсын, мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«19-1) ұлттық қауіпсіздік органдарында кадрлық құрамды патриоттық, адамгершілік және рухани тәрбиелеуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жұмысты Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіп пен жүзеге асыруға;»;  
20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«20) мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін оған қайта кірген, сондай-ақ судья, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның қызметшісі, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның авиациялық қауіпсіздік саласында бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын авиация инспекторы лауазымына орналасуға мүмкін Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда, шекте және тәртіп пен міндетті арнаулы тексеру жүргізуге;»;  
22-1) тармақша алып тасталсын;  
22-2) тармақшадағы «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіп пен» деген сөздер алып тасталсын;  
4) 13-бапта:  
12) тармақшаның екінші бөлігі алып тасталсын;  
16), 20-1), 20-2) және 20-3) тармақшалар алып тасталсын;  
20-4) тармақшадағы «Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын тәртіп пен құру, аккредиттеу, оның қызметін тоқтату, сондай-ақ оның қызметі туралы ережені әзірлеу және бекіту» деген сөздер «құру, аккредиттеу, оның қызметін тоқтату» деген сөздермен ауыстырылсын;  
20-5) және 21) тармақшалар алып тасталсын;  
5) 13-1-баптың алтыншы бөлігі алып тасталсын;  
6) 15-бап алып тасталсын;  
7) 17-бапта:  
1) және 5-тармақтар алып тасталсын;  
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«6. Ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери қызметшілері санатына ауыса алады.»;  
8) 18-бапта:  
2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «азаматтардың, лауазымды адамдардың және ұйымдардың» деген сөздер «жеке және заңды тұлғалардың» деген сөздермен ауыстырылсын;  
4-тармақ «әскери қызметшілері» деген сөздерден кейін «сапасы» деген сөзбен толықтырылсын;  
9) 23-баптың 3-тармағы алып тасталсын.  
6. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) мынадай мазмұндағы 2-1-бапты толықтырылсын:  
«2-1-бап. Мемлекеттік құпияларды қорғаудың мақсаты мен міндеттері  
1. Мемлекеттік құпияларды қорғаудың мақсаты оларды жария ету және жоғалту қаупінен қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.  
2. Мемлекеттік құпияларды қорғаудың міндеттері мыналар болып табылады:  
1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құпияларды қорғау жүйесін дамыту;  
2) мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға, оларды құпияландыруға, оларға білік етуге, оларды қорғау мен құпиясыздандыруға байланысты тундайтын қоғамдық қатынастарды реттеу;  
3) тартатынын шектеу Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне негізделген, құпияландыруға жататын мәліметтер тізбесін айқындау;  
4) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмысқа жіберілгенін адамдар тобын айқындау;  
5) мемлекеттік құпияларды қорғау әдістері мен құралдарын әзірлеу, ендіру, қолдану және жетілдіру.»;  
2) 5-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы «мемлекеттік құпияларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
3) 7-баптың 9) тармақшасы «шет мемлекеттерге» деген сөздерден кейін «және (немесе) халықаралық ұйымдарға» деген сөздермен толықтырылсын;  
4) 8-бапта:  
мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«1-1) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік құпияларды қорғаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әзірлейді және бекітеді;»;  
4), 5), 6), 8), 9) және 12) тармақшалар алып тасталсын;  
5) 9-баптың 5-1), 5-2), 5-3) және 5-4) тармақшалары алып тасталсын;  
6) 14-бапта:  
11) тармақшадағы « Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының және олардың» деген сөздер «және оның» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«18-1) терроризмге қарсы операциялардың тактикасын, нысанын, әдістерін, құралдарын және оларға қатысушылар құрамын ашатын мәліметтер;»;  
7) 19-баптың 4-тармағындағы «шетелдік азаматтар мен ұйымдарға» деген сөздер «шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік ұйымдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;  
8) 20-баптың 3-тармағындағы «мемлекеттік құпияларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
9) 21-бап алып тасталсын;  
10) 22-баптың 3-тармағындағы «мемлекеттік құпияларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
11) 23-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «мемлекеттік құпияларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
12) 24-баптың 2-тармағындағы «мемлекеттік құпияларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
13) 27-бапта:  
тақырып «шет мемлекеттерге» деген сөздерден кейін «және (немесе) халықаралық ұйымдарға» деген сөздермен толықтырылсын;  
1-тармақта:  
«нақты» деген сөз алып тасталсын;  
«шет мемлекетке» деген сөздерден кейін «және (немесе) халықаралық ұйымға» деген сөздермен толықтырылсын;  
«үзкілетті» деген сөзден кейін «мемлекеттік» деген сөзбен толықтырылсын;  
2-тармақтағы «Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздермен ауыстырылсын;  
3-тармақта:  
«шет мемлекеттерге» деген сөздер «шет мемлекетке және (немесе) халықаралық ұйымға» деген сөздермен ауыстырылсын;  
«мемлекеттік құпияларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
5-тармақ алып тасталсын;  
14) 28-баптың 1-тармағының төртінші абзацындағы «мемлекеттік құпияларды» деген сөздер «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
15) 29-бапта:  
тақырыптағы «және шетелдіктерге» деген сөздер «, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;  
1-тармақта:  
бірінші бөліктің бірінші абзацы «азаматтарына» деген сөзден кейін «, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға» деген сөздермен толықтырылсын;  
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:  
«Әкімшілік пен ресімделуші адамның өзара міндеттемелері мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы шартта көрсетіледі;»;  
мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың мемлекеттік құпияларға рұқсат ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес ресімделуге дейін осындай рұқсат етудің тиісті нысанын талап ететін қызметіне жол берілмейді.»;  
4-тармақтағы «Шетелдіктерге» деген сөз «Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;  
16) 30-баптың 1-тармағында:  
алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қазақстан Республикасы лауазымды адамының және (немесе) азаматының Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында белгіленген шектеулерді қабылдамауы;»;  
мынадай мазмұндағы жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші және он үшінші абзацтармен толықтырылсын:  
«лауазымды адам немесе мемлекеттік қызметші активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсырмаған адамды жұмысқа қабылдағаны үшін алғаш рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайды қоспағанда, мемлекеттік құпияларға рұқсат ету ресімделгенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылуы;  
сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы;  
ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін онда сотталғандығының болуы немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процесстік кодексінің 35-бабы (бірінші бөлігінде 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы;  
қылмыстық топ құрамында қылмыс жасауы;  
азаматтың тексеру шараларынан жалтаруы;  
осы Заңның 31-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің екінші абзацында көзделген талаптарды сақтамауы;  
осы тармақта көрсетілген мәліметтерді ұсынбауы немесе бұрмалауы негіз болып табылады.»;  
17) 31-бапта:  
1-тармақта:  
бірінші абзацтағы «мемлекеттік орган немесе» деген сөздер алып тасталсын;  
екінші абзацтағы «енбек шартында» деген сөздер «мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы шартта» деген сөздермен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Қазақстан Республикасының лауазымды адамы немесе азаматы осындай тоқтату орын алғаннан кейін бес жыл өткен соң бас тартуға негіздер болмаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен мемлекеттік құпияларға қайтадан жіберілуге құқылы.»;  
2-тармақтағы «, онымен еңбек шартын әкімшіліктің бастамасы бойынша бұзу» деген сөздер «әкімшіліктің бастамасы бойынша онымен еңбек шартын, келісімшартты бұзу, оны лауазымнан шеттету немесе жұмыстан шығару» деген сөздермен ауыстырылсын;  
3) 31-бапта:  
1-тармақта:  
бірінші абзацтағы «мемлекеттік орган немесе» деген сөздер алып тасталсын;  
екінші абзацтағы «енбек шартын бұзу» деген сөздер «енбек шартын, келісімшартты бұзу, оны лауазымнан шеттету немесе жұмыстан шығару» деген сөздермен ауыстырылсын;  
18) 32-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
«мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы шартта көзделген мерзімге Қазақстан Республикасының тысқары жерлерге (оның ішінде тұрақты тұрғылықты жерге) шығу құқығына.»;  
19) 33-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«3. Еңбек шарты, келісімшарт бұзылған, жұмыстан шығарылған (отставкаға кеткен) немесе мемлекеттік құпияларға рұқсат етуге қатысы жоқ лауазымға ауысқан кезде Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларға рұқсат ету тоқтатылады.»;  
20) 37-баптың 1-тармағы «сондай-ақ шетелдіктер» деген сөздерден кейін «мен азаматтығы жоқ адамдар» деген сөздермен толықтырылсын.  
7. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 1-баптың 3-1) тармақшасы «құрылысжайлар» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзетінін өзге де ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар» деген сөздермен толықтырылсын;  
2) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«3-бап. Терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты, міндеттері мен қағидаттары  
1. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаты жеке адамды, қоғамды және мемлекетті терроризмнен қорғау болып табылады.  
2. Терроризмге қарсы іс-қимылдың міндеттері мыналар болып табылады:  
1) терроризм профилактикасы;  
2) террористік әрекетті анықтау, оның жолын кесу, террористік қылмыстарды ашу және терген-тексеру;  
3) шұғыл медициналық көмек көрсету, медициналық-психологиялық қолдап отыру, авиарылық-құтқару және өртке қарсы іс-шаралар өткізу, террористік әсер етуге ұшыраған объектілердің қалыпты жұмыс істеуіне және экологиялық қауіпсіздігін қалпына келтіру, терроризм актісінің салдарынан жіберілген адамдарды және оның жолын кесу қатқасқан адамдарды әлеуметтік оңалту, терроризм актісінің салдарынан жіберілген адамдарға моральдық және материалдық зиянды өтеу арқылы терроризм салдарын барынша азайту және (немесе) жою.  
3. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл мынадай қағидадарға негізделеді:  
1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау, террористік қылмыстардың жасалуы салдарынан қауіп төнген адамдардың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;  
2) заңдылықтың сақталуы;  
3) терроризмге қарсы іс-қимыл шараларының террористік қауіп дәрежесіне мөлшерлес болуы;  
4) терроризмнің алдын алудың басымдығы;  
5) террористік әрекетті жүзеге асырғаны үшін жазаның бұлтартпастығы;  
6) терроризмге қарсы іс-қимылдың саяси, ақпараттық-насихаттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнаулы және өзге де шараларының жүйелі болуы және оларды кешенді түрде пайдалану;  
7) терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде тартылатын күштер мен құралдарға жедел басшылық жасауды дара басқару;  
8) терроризмге қарсы іс-қимылдың жария және жария емес әдістерінің ұштасуы;  
9) терроризмге қарсы операциялардың тактикасы, нысандары, әдістері, құралдары және оларға қатысушылар құрамы туралы мәліметтерге шектеулі қолжетімділікті қамтамасыз ету.»;  
3) 4-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы «әзірлейді» деген сөзден кейін «және бекітеді» деген сөздермен толықтырылсын.  
8. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 2-баптың 3-тармағындағы «терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға.» деген сөздер алып тасталсын;  
2) 13-баптың 3-тармағындағы «, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын» деген сөздер алып тасталсын.  
9. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 27-баптың 1-тармағының 26) тармақшасы «аумағында терроризм» деген сөздерден кейін «мен экстремизм» деген сөздермен толықтырылсын;  
2) 31-баптың 1-тармағының 23) тармақшасы «аумағында терроризм» деген сөздерден кейін «мен экстремизм» деген сөздермен толықтырылсын.  
10. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:  
1-баптың 19-2) тармақшасындағы «үйлер, құрылыстар мен ғимараттар» деген сөздер «ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзететін өзге де ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар» деген сөздермен ауыстырылсын.  
11. «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 15-1-бап мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:  
«Уәкілетті органның қызметшісі лауазымына орналасу міндетті арнаулы тексерудің оң нәтижелері алынғаннан кейін жүзеге асырылады.  
Міндетті арнаулы тексерудің оң нәтижелерін алмаған адам уәкілетті органның қызметшісі лауазымына тағайындалмайды.»;  
2) 15-2-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«3) міндетті арнаулы тексерудің теріс нәтижелері.»;  
12. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 2-бапта:  
2) тармақшада:  
бірінші абзац «абоненттер» деген сөзден кейін «және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар» деген сөздермен толықтырылсын;  
екінші абзац «абоненттік нөмірлер» деген сөздерден кейін «және (немесе) пайдаланушылар нөмірлері» деген сөздермен толықтырылсын;  
төртінші абзацтағы «абоненттің алған қызметтері» деген сөздер «абонент және (немесе) пайдаланушы алған қызметтер» деген сөздермен ауыстырылсын;  
тоғызыншы абзац «абоненттер» деген сөзден кейін «және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар» деген сөздермен толықтырылсын;  
44-1) тармақшадағы « Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының» деген сөздер алып тасталсын;  
2) 21-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «абоненттер туралы» деген сөздер алып тасталсын;  
3) 40-баптың 1-2-тармағында:  
«абоненттер туралы» деген сөздер алып тасталсын;  
«абонент» деген сөзден кейін «және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушы» деген сөздермен толықтырылсын.  
13. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:  
4) және 11-бапты мынадай редакцияда жазылсын:  
«4-бап. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың мақсаттары, міндеттері мен қағидадары  
1. Қазақстан Республикасында экстремизмге қарсы іс-қимылдың мақсаттары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылысты қорғау, Қазақстан Республикасының егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолеуғылаушылығын және бөлімбестігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.  
2. Қазақстан Республикасында экстремизмге қарсы іс-қимылдың міндеттері мыналар болып табылады:  
1) экстремизмнің көрініс беру нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасында оны жүзеге асыруға жол бермеу;  
2) экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктердің жасалуын болғызбау;  
3) азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;  
4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.  
3. Қазақстан Республикасында экстремизмге қарсы іс-қимыл мынадай қағидадарға негізделеді:  
1) заңның үстемділігі;  
2) нәсілге, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын теңдігі;  
3) қоғамдық, оның ішінде ұлтаралық және конфессияаралық келісім;  
4) мемлекет пен қоғамдық институттардың өзара іс-қимылы;  
5) жариялық.»;  
«1-бап. Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін үйлестіру  
1. Мемлекеттік органдардың экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша қызметін үйлестіруді тұрақты түрде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады.  
2. Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының экстремизм профилактикасы бойынша қызметін үйлестіруді терроризмге қарсы комиссиялар шеңберінде облыстардың (республикалық маңызды бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызды бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.»;  
14. «Сыртқы барлау туралы» 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 1-бапта:  
1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«1-1) барлау іс-шарасы – барлау міндеттерін шешу үшін сыртқы барлау субъектілері жүзеге асыратын жария және жария емес іс-қимылдар;»;  
мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:  
«1-2) Қазақстан Республикасының барлау қоғамдастығы – ел басшылығын барлау ақпараттымен және талдамалық бағалаумен қамтамасыз етуге тиіс, сондай-ақ белгіленген құзырет шегінде сыртқы барлау субъектілерінің барлау мүмкіндіктерін күшейтуге ықпал ететін іс-шараларға қатысатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының жынтығы;»;  
2) 2-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының бірінші бөлігіндегі «орғаны жатады» деген сөздер «орғаны;» деген сөзбен ауыстырылып, екінші бөлігі алып тасталсын;  
3) мынадай мазмұндағы 3-1-бап пен толықтырылсын:  
3-1-бап. Сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметінің мақсаттары  
Сыртқы барлау субъектілерінің барлау қызметінің мақсаттары ел басшылығы мен мемлекеттік органдарды барлау ақпараттымен қамтамасыз ету арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін ілгерілету үшін жағдай жасау болып табылады.»;  
4) 9-бапта:  
5) және 6) тармақшалар алып тасталсын;  
8) тармақшадағы «қабылдау» деген сөз «бекіту» деген сөзбен ауыстырылсын;  
9-1) тармақшадағы «қарсы барлау қызметі» деген сөздер «барлау іс-шараларын» деген сөздермен ауыстырылсын;  
11) тармақшадағы «, сондай-ақ оларда жөндеу, құрылыс және өзге де жұмыстардың барлық түрлерін жүргізуді келісу» деген сөздер алып тасталсын;  
17) тармақшадағы «, арнаулы оқу құралдарын шығару» деген сөздер алып тасталсын;  
19) тармақша алып тасталсын;  
20-1) тармақшаның екінші бөлігі алып тасталсын;  
21), 22), 25) және 27) тармақшалар алып тасталсын;  
5) 12-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі сыртқы барлау органның қызметкерлері туралы мәліметтерді шифрлау қажет болған жағдайда олардың иелері болып табылатын мемлекеттік органдар тиісті электрондық ақпараттық ресурстарды өңдеу жөніндегі қажетті шараларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіп пен қабылдайды.»;  
6) 21-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Уәкілетті прокурорлардың тізбесі сыртқы барлау субъектісінің бірінші басшысымен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен белгіленеді.»;  
15. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:  
1) 94-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тек мемлекетке ғана тиесілі болатын мемлекеттік мүлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің не Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын мемлекеттік мүлік иеліктен шығару объектісі бола алмайды.»;  
2) 96-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекешелендіруге жатпайтын, тек мемлекеттік меншікке ғана болатын мемлекеттік мүлік, сондай-ақ мемлекеттік меншікке қатысу үлестерін сату жауапкершілігі және Қазақстан Республикасы Президентінің не Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын мүлік жекешелендіру объектісі бола алмайды.»;  
3) 98-бапта:  
1-тармақ «үлестерін сату» деген сөздерден кейін «осы Заңда» деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:  
«3-1. Мемлекетке тиесілі және қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына жататын акционерлік қоғамдардың акцияларын сату «алтын акцияның» мемлекеттің басқаруы сақтала отырып жүзеге асырылады.»;  
3-2. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына жататын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысу үлестерін сату жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалпы даусы санының төрттен бір бөлігінен астам мөшеріндегі жарғылық капиталға мемлекеттің қатысу үлесі сақтала отырып жүзеге асырылады.»;  
4) 114-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«4. Тек мемлекеттік меншікке ғана болатын мемлекеттік мүлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің не Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын мемлекеттік мүлік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге мүліктің салым ретінде пайдаланыла алмайды.»;  
5) 161-баптың 1-тармағында:  
бірінші бөліктегі «және үшінші» деген сөздер «, үшінші және төртінші» деген сөздермен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін, сондай-ақ төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде мүлкіті бірінші басшының немесе оң уәкілетті берген адамның шешімі негізінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлер мен әскери құралындарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіп пен беруіне құқығы бар.»;  
16. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы

**(Соңы. Басы 1, 8-9-беттерде)**

2) қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен ұйымдарына қатысты «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 98-бабы 3-1 және 3-2-тармақтарының талаптарын бұзуға алып келетін шешімдер қабылдауға және іс-қимылдар жасауға тыйым салынады.»

17. «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«17) уәкілетті басын – осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметкерлермен келісімшарт жасасу, оларды лауазымға тағайындау, ауыстыру, қызметтен босату, шығару, оларға арнаулы атақ беру (жеке құрам бойынша бұйрықтар), сондай-ақ қызметтік тергеу-тексеруді тағайындау, тоқтата тұру және ұзарту туралы бұйрықтар шығару құқығы берілген лауазымды адам;»

2) 6-бапта: екінші бөлікте: «және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілері» деген сөздер алып тасталсын;

«12.» деген цифрлардан кейін «14.» деген цифрлармен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер осы Заңның 7, 15, 16, 17, 18, 19, 24, 34 және 75-баптарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы заңнамасына сәйкес қызмет өткереді.»;

үшінші бөліктегі «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің келісімшарт бойынша әскери қызметшілері» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-бапта: 12-тармақта:

үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте үлгермеушілігі үшін, өз бастамасы бойынша, Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына және келісімшарт жасасудан бас тартуына байланысты оқудан шығарып жіберілген, теріс себептермен шығарылған курсанттар, тыңдаушылар өздерін оқуына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті.

Әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуына байланысты шығарып жіберілген, теріс себептермен шығарылған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алған қызметкерлер өздерін оқуына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті.»;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

«Әскери, арнаулы оқу орындарынан немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарынан шығарып жіберу Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»

Қызметкерлерді әскери, арнаулы оқу орындарында немесе шет мемлекеттердің білім беру ұйымдарында оқуына жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

13-тармақтың бірінші бөлігі «қаражатты» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 11-баптағы «орта білімнен кейінгі білім» деген сөздер «орта, орта білімнен кейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 15-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қабылданған шешімдерді және (немесе) нұсқауларды қызметкерлердің назарына жеткізу арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітетін арнаулы мемлекеттік органдардың ішкі қызмет жарғысында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

6) 17-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

«7-2) уәкілетті басшымен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына іске асыратын Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттің білім беру ұйымдарына (курсанттар мен тыңдаушылардан басқа) тусуіне;»

7) 19-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы «мүшесі болуға,» деген сөздерден кейін «саяси» деген сөзбен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын: «2-1. Арнаулы мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкерлерге арнаулы тексеру жүргізуге құқылы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арнаулы мемлекеттік органдарға арнаулы тексеру жүргізуге жәрдемдеседі.»;

8) 27-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «6. «Кіші сержант» арнаулы атағы «кіші сержант» және одан жоғары арнаулы атағы көзделген лауазымға тағайындалатын қызметкерге беріледі. Сержанттар құрамының кейінгі арнаулы атақтары қажетті дайындық деңгейі бар және тиісті лауазымдарға тағайындайтын қызметкерлерге, бірақ кемінде он екі айдан кейін беріледі.»;

8-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қатардағы құрам лауазымына келісімшарт бойынша қызметке тұрған кезде;»;

9-тармақта:

бірінші бөліктегі «қызметкер лауазымына тағайындау кезінде» деген сөздер алып тасталын;

екінші бөліктегі «оларды қызметкер лауазымына тағайындау кезінде» деген сөздер алып тасталын;

төртінші бөліктегі «болу мерзімі» деген сөздер «сіңірген еңбегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтағы «аболуды» деген сөз «енбек сіңірудің» деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақ алып тасталын;

9) 30-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру ұйымынан үлгермеушілігі үшін немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберілген магистранттар, докторанттар мен адъюнкттер өздерін оқуына жұмсалған бөлімшелерге бұрын атқарған лауазымынан төмен емес лауазымға қайтып келеді.»;

15-тармақтың 1) тармақшасына:

үшінші абзац «отбасылық-мүліктік» деген сөздердің алдынан «осы тармақшаның төртінші абзацында көзделген жағдайды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы төртінші абзацын толықтырылсын: «жаубайы (зайыбы) өзге елді мекенде қызмет өткеріп жатқан қызметкердің баянаты бойынша;»

10) 31-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде: мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын: «4-1) арнаулы мемлекеттік орган бөлімшелерінің арасында ауыстырылған;»;

5) тармақша «органға» деген сөзден кейін «және керісінше» деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшадағы «орналасу орнын өзгерткен жағдайларда жүргізіледі.» деген сөздер «орналасу орнын өзгерткен» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) магистранттар, докторанттар мен адъюнкттер әскери, арнаулы оқу орнынан үлгермеушілігі үшін немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберілген жағдайларда жүргізіледі.»;

11) 32-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы «2 айдан» деген сөздер «екі айдан» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Қызметкерге бос (тағайындалмаған) лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеуді және оны атқарып отырған лауазымы бойынша міндеттерді атқарудан босатуды осы лауазымға тағайындау құқығы бар лауазымды адам жүзеге асырады.»

Бұл ретте қызметкерге жоғары офицерлік құрам алмастыруға тиісті бос (тағайындалмаған) лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеу арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

12) 34-баптың 1-тармағындағы «жана лауазымға тағайындалған,» деген сөздер алып тасталын;

13) 36-бапта:

3, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын: «3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, ұйымдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерлерге арнаулы атақтар беру, оларды мемлекеттік наградалармен наградтау осы Заңда көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, ұйымдарына және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерді лауазымға тағайындау немесе қызметтен шығару ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарындағы, ұйымдарындағы және халықаралық ұйымдардағы лауазымдардан босатылғаннан (қызметтен шығарылғаннан) және қызмет өткеріп жатқан арнаулы мемлекеттік органға қайтып оралған соң, осы Заңда көзделген тәртіппен жүргізіледі.»;

«5. Іссапарға жіберілген қызметкерлерге сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету олар іссапарға жіберілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, сондай-ақ ұйымдарының жұмыскерлері үшін айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

Іссапарға жіберілген қызметкерлерге лауазымдық айлықақылар, сауықтыруға арналған жәрдемдемелер, сыйлықақылар, материалдық көмек төлеу олар іссапарға жіберілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, сондай-ақ ұйымдарының ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі. Өзге де төлемдер, сондай-ақ арнаулы киім нысанамен қамтамасыз ету қызметкерлерді іссапарға жіберген арнаулы мемлекеттік органды ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

6. Халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген қызметкерлерге, егер халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, халықаралық ұйымдар жұмыскерлерінің тиісті санаттары үшін белгіленген жаалақы оларды ұстауға көзделген қаражат есебінен, сондай-ақ арнаулы атақ бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айлықақы қызметкерлерді іссапарға жіберген арнаулы мемлекеттік органды ұстауға көзделген қаражат есебінен төленеді.»;

7-тармақта:

екінші бөліктің екінші сөйлемі алып тасталын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Біржолғы сипаттағы төлемдер бойынша қызметкер іссапарға жіберілгенге дейін атқарған соңғы лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы есепке алынады.»;

14) 36-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Іссапарға жіберілген қызметкерлерге лауазымдық айлықақылар, қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемәакылар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да үстемәакылар, сауықтыруға арналған жәрдемдемелер, сыйлықақылар, материалдық көмек, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне тұрғынжайды ұстауға және коммуналдық қорсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған ақшалай отемәқы, бір елді мекеннен арақашықтығы бір жүз километрден асатын екінші бір елді мекенге көшуге байланысты болатын қызмет бабымен ауысу кезінде қызметкерлерге және олардың отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтерме жәрдемәқы төлеу, қызмет бабымен ауысу кезінде жеке мүлкін тасымалдау шығындарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен автомобиль жолының әрбір жиырма километріне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, сондай-ақ емделуге жұмсалған қаражаты олар іссапарға жіберілген арнаулы мемлекеттік органды ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізіледі.

Іссапарға жіберілген қызметкерлерге сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету олар іссапарға жіберілген арнаулы мемлекеттік органның қызметкерлері үшін айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.»;

15) 44-бапта:

1-тармақтың бірінші абзапы «үзілістер кезінде» деген сөздерден кейін «, егер осы баптың 3-тармағында өзгеше көзделмесе,» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: «3. Оқуы бойынша берешегі бар курсанттар, тыңдаушылар оны осы баптың 1-тармағында белгіленген қаниқулдық деламыстарды өткізу мерзімдері шегінде күнтізбелік он күн ішінде жабады.»;

16) 49-баптың 1-тармағында: мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: «1-1) Қазақстан Республикасында немесе белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайларда қоспағанда, жиырма бес жылдан көп емес сінірген жылдары болған кезде өз бастамасы бойынша;»;

5) тармақша «әскери» деген сөздің алдынан «әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру ұйымынан үлгермеушілігі үшін немесе өз бастамасы бойынша шығарып жіберілген магистранттарды, докторанттар мен адъюнкттерді қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 51-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Қызметкерді жеке құрам тізмілерінен шығару арнаулы мемлекеттік органдарда белгіленген мерзімдерде істер мен лауазымды тапсырғаннан кейін жүргізіледі.»;

18) 52-бапта:

1-тармақтағы «(Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінен басқа)» деген сөздер «(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінен, сондай-ақ офицерлік құрамның шығарып жіберілген тыңдаушыларын қоспағанда)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: «1-1) әскери, арнаулы оқу орнынан немесе шет мемлекеттің білім беру ұйымынан шығарып жіберілген магистранттарды, докторанттар мен адъюнкттерді қоспағанда, әскери, арнаулы оқу орнынан шығарып жіберілуіне байланысты;»;

19) 56-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Тең дәрежелі лауазымдарға тағайындау кезінде, егер бұл лауазымдық міндеттердің өзгеруіне алып келмесе, бұл мерзім есепке алынбайды.»;

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Кемінде күнтізбелік жиырма жыл үздіксіз еңбек сіңірген жылдары бар қызметкер аттестациялық тастілеуге жатпайды.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Арнаулы мемлекеттік органдар осы Заңда белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қызметкерлерді аттестаттау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді. Көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің тізбесі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін арнаулы мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалады.»;

20) 56-1-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігіндегі «жоспарлы аттестаттауды өткізудің белгіленген мерзімінің кемінде үштен бірі» деген сөздер «осы Заңның 56-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген талаптар ескерілместен, соңғы аттестаттаудан кейін кемінде бір жыл» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын: «3. Жоспардан тыс аттестаттауды өткізу кезінде қызметкерлер мынадай:

1) қызметкерді төмен тұрған лауазымға тағайындау туралы;

2) келісімшарт талаптарын орындамауына байланысты қызметкерді қызметтен шығару туралы мәселелерді шешу үшін аттестациялық тастілеуге жатпайды.»;

21) 61-бап мынадай редакцияда жазылсын: «61-бап. Сыныптық біліктілік

Әрбір қызметкердің кәсіби шеберлігін дамытуды қиындандыру мақсатында сыныптық біліктілік беру, оны көтеру, растау, сақтау, төмендету және алу рәсімі арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен жүргізіледі.»;

22) 62-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Басшылар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң басшылыққа ала отырып, сенім тапсырылған бөлімшелерге қызметтік тәртіпті күнделікті сақтауға міндетті;»;

23) 63-бапта:

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Осы тармақта көзделген көтермелеулерді қолдану тәртібін арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындайды.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысының бір мезгілде қолданылуы мүмкін грамотамен және ақшалай сыйлықақымен марапаттау түріндегі көтермелеуін қоспағанда,

қызметкерге дәл сол бір ерекшелігі үшін бір ғана көтермелеу жариялануы мүмкін.»;

24) 64-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жазбаша ескертуді лауазымды адам тиісті басының тапсырмасымен жасайды.»;

9-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) теріс себептермен қызметтен шығару;»;

25) 65-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қызметтік тергеу-тексеру уәкілетті басының бұйрығымен тағайындалады және оны уәкілетті лауазымды адам он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізеді.

Бұйрық болмаған кезде қызметтік тергеу-тексеру жүргізуге жол берілмейді.

Айрықша жағдайларда қызметтік тергеу-тексеру мерзімі қызметтік тергеу-тексеру жүргізуді тағайындаған уәкілетті басының бұйрығымен он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Қызметтік тергеу-тексеру мерзімінің есептелуді оның тағайындалған күнінен басталады және белгіленген кезеңнің соңғы күнінде аяқталады.»;

5-тармақтың үшінші бөлігіндегі «тәуліктің» деген сөз «жұмыс күнінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Теріс қылық жасаған қызметкердің лауазымына атқаратын лауазымы бойынша тең немесе жоғары болатын уәкілетті лауазымды адамды тағайындау мүмкін болмаған жағдайда теріс қылық жасаған қызметкердің атағына тең немесе одан жоғары болатын, басшы құрамнан адамды тағайындауға рұқсат етіледі.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын: «Қажет болған жағдайларда уәкілетті басы уәкілетті лауазымды адамды және мамандарды қызметтік тергеу-тексеру жүргізу уақытына олардың лауазымдық міндеттерін атқарудан босатуы мүмкін, ол туралы бұйрықта көрсетіледі.»;

12-тармақта:

бірінші абзаптың «тексеру» деген сөз «тергеу-тексеру» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, ұзақ уақытты талап ететін сараптамалар (зерттеулер) жүргізілген;»;

5) тармақшадағы «басының бұйрығымен тоқтатылуы» деген сөздер «уәкілетті басының бұйрығымен тоқтатылуға түруы» деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтағы «тоқтата үшін негіздер болмаса, басының» деген сөздер «тоқтата тұру үшін негіздер болмаса, уәкілетті басының» деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «21. Қызметтік тергеу-тексеру аяқталған соң оның нәтижелері туралы тұжырымдары мен ұсыныстары бар қорытынды жасалады, ол қызметтік тергеу-тексеру жүргізуді тағайындаған уәкілетті басшыға бекітуге ұсынылады.

Қызметтік тергеу-тексеру нәтижелері туралы қорытынды бекітілгеннен кейін уәкілетті лауазымды адам оған қатысты тергеу-тексеру жүргізілген қызметкерді – қорытындымен, сондай-ақ қызметкердің талап етуі бойынша қызметтік тергеу-тексеру материалдарымен қолын қойғыза отырып таныстыруға міндетті.

Қызметкер қызметтік тергеу-тексеру нәтижелері туралы қорытындымен танысудан бас тартқан кезде тиісті акт жасалады. Оның бас тартуы қызметтік тергеу-тексеру нәтижелері не тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың шығарылуын тоқтата тұрмайды.»;

26) 68-бапта: тақырып мынадай редакцияда жазылсын: «68-бап. Жаза қолдану тәртібі»;

1 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын: «1. Уәкілетті басын қызметтік тергеу-тексеру материалдары мен тәртіптік комиссияның ұсыныстары негізінде жаза қолдану немесе қолданбау туралы тиісті шешім қабылдайды.»;

«4. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей және оның жасалған күнінен баст